

**Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тексеру және есепке алу ережесін бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 3 наурыз N 326. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 тамыздағы N 745 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.15 N 745 Қаулысымен.*

"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тексеру және есепке алу ережесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 3 наурыздағы

N 326 қаулысымен

бекітілген

**Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тексеру және есепке алу ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тексеру және есепке алу ережесі (бұдан әрі - Ереже) жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын қызметкерлер еңбек міндеттерін атқару процесінде ұшыраған жазатайым оқиғаларды, кәсіби ауруларды, улану және өзге де денсаулыққа зақым келу оқиғаларын тексерудің, ресімдеудің және тіркеудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

## 2. Ереженің күші, сондай-ақ мыналарға:

1) кәсіби даярлық алып жүрген, сынақ мерзімін өтеп жүрген немесе жұмыс берушіде өзге де жолмен болашақ өндірістік қызметке дайындалып жүрген адамдарға;

2) олар кәсіби тәжірибеден өту немесе жұмыс берушінің жұмысын орындау кезінде бастауыш кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарында оқитын адамдарға;

3) әскери қызметін өтеумен байланысты емес жұмыстарды орындауға тартылған әскери қызметшілерге;

4) сот үкімі бойынша еңбекке тартылатын адамдарға;

5) әскерилендірілген авариялық-құтқару бөлімдерінің, әскерилендірілген күзеттің жеке құрамына, авариялардың, дүлей зілзала салдарларын жою жөніндегі, адамдардың өмірі мен мүлкін құтқару жөніндегі ерікті командалардың мүшелеріне қолданылады.

3. Қызметкерлердің, олардың еңбек қызметімен байланысты және уақытша бір және одан да көп күнге немесе тұрақты еңбекке жарамсыздығына не өліміне әкеліп соғатын, денсаулығына кез келген зақым келуі өндірістегі жазатайым оқиға ретінде қаралады, ал оның мән-жайы мен себептері осы Ережеге сәйкес тексеріледі.

## 4. Себептеріне қарай:

1) жұмыс уақытының басталар алдында немесе соңынан жұмыс орнын, өндірістік жабдықтарды, жеке қорғаныс құралдарын және т.б. әзірлеу мен тәртіпке келтіру кезінде;

2) жұмыс уақыты ішінде жұмыс орнында немесе іссапар уақытында не сол жерде болуы еңбек немесе жұмыс берушінің не жұмысты ұйымдастырушының тапсырмасымен байланысты өзге де міндеттерін атқарумен байланысты болған басқа жерде;

3) қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсер етуі нәтижесінде;

4) жұмыс уақытында, іс-әрекеті қызмет көрсететін объектілер арасында жүріп-тұрумен байланысты қызметкердің жұмыс берушінің тапсырмасы бойынша жұмыс орнына бара жатқанда;

5) жұмыс берушінің көлігінде;

6) жеке көлігінде, жұмыс берушінің оны қызмет сапарларында пайдалану құқығына жазбаша келісімі болса;

7) жұмыс берушінің өкімі бойынша өзінің немесе басқа ұйымның аумағында болу кезеңіндегі, сондай-ақ жұмыс берушінің мүлкін қорғау немесе жұмыс берушінің мүддесіне өзінің жеке бастамашылығы бойынша өзге де әрекеттер жасау кезінде;

8) жұмыс орны немесе іссапар уақытында оның денесіне зақым келгенде не

еңбек немесе қызмет міндеттерін атқару кезінде қызметкерді қасақана өлтірсе және осындай жағдайларда жарақаттары мен денсаулығына келтірілген өзге де зақымдар өндірістік (кәсіби) ретінде жіктеледі әрі ресімделеді.

Осы тізбе түпкілікті болып табылмайды және әрбір нақты оқиға кезінде оның өндіріспен байланысын комиссия тергеу барысында анықтайды.

Егер қызметкерге жазатайым оқиғаның нәтижесінде мертігу немесе жұмыс берушінің кінәсінен денсаулығына өзге де зақым келтірілсе, онда жұмыс беруші қызметкерге сақтандыру өтемақысының төлемі болмаса оған келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде көзделген тәртіппен және шарттармен өтеуге міндетті.

5. Тергеу барысында ақиқатты анықталған мынадай жағдайларда:

1) зардап шегуші өз бетімен жұмыс берушінің мүддесімен байланысты емес жұмысты орындау кезінде;

2) өзінің денсаулығына әдейі (қасақана) зиян келтіру нәтижесінде немесе зардап шегуші қылмыс жасаған кезде (соттың үкімімен анықталған);

3) өндірістік факторлардың қауіпті және зиянды әсеріне қатыссыз зардап шегушінің денсаулығының кенет нашарлауы;

4) жазатайым оқиғаға себепші болған алкогольдік мастық, күшті әсер ететін уландырғыш және нашақорлық заттарды пайдалану жағдайы қызметкерлердің өндірістегі жарақаттары мен өзге де зақымдары өндірістік (кәсіптік) ретінде ресімделмейді.

6. Комиссия жазатайым оқиғаны тексеру кезінде жұмыс беруші оларға жүктелген функцияларды орындау жөніндегі еңбек заңнамасының сақталуы үшін мемлекеттік бақылау органдарының өкілдеріне қажетті барлық жағдайларды қамтамасыз етеді.

## **2. Жазатайым оқиғаларды тексерудің тәртібі**

7. Әрбір жазатайым оқиға туралы зардап шегуші немесе куәгер жұмыс берушіге немесе жұмысты ұйымдастырушыға жедел хабарлауға міндетті.

8. Жұмыс беруші немесе жұмысты ұйымдастырушы:

1) зардап шегушіге алғашқы дәрігерлік көмекті ұйымдастыруға және оны денсаулық сақтау ұйымына жеткізуге;

2) тексеру басталғанға дейін жұмыс орнындағы жағдайды, яғни жабдықтар мен механизмдердің, сондай-ақ еңбек құралдарының жай-күйін оқиға болған сәтіндегі күйде (егер бұл қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін болса, ал өндіріс процесінің үздіксіздігін бұзу аварияға соқтырмаса) сақтауға және жазатайым оқиға орнын суретке түсіріп алуға міндетті.

9. Денсаулық сақтау ұйымдарының жауапты лауазымды адамдары жұмыс берушілерге қызметкерлердің өндірістегі жарақат алуы немесе денсаулығының өзге де зақымдарымен өтініш жасаған әрбір жағдайы туралы, сондай-ақ қатты

кәсіби ауру жағдайында (улану) - денсаулық сақтау ісі жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына (бұдан әрі - Мемсанэпидқызмет) хабарландырып отыруы тиіс.

10. Жұмыс беруші өндірістегі жазатайым оқиға немесе қызметкерлердің денсаулығына келтірілген өзге де зақымдар туралы (1-қосымша):

1) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі - аумақтық бөлімше), сондай-ақ қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған жазатайым оқиғалар кезінде төтенше жағдайлар жөніндегі жергілікті органдарға ; < \* >

2) ұйым қызметкерлерінің өкілдеріне (кәсіподақтар);

3) сақтандыру ұйымымен тиісті шарт бар болса, сақтандыру ұйымына;

4) Мемсанэпидқызметтің жергілікті органдарына кәсіби ауру немесе улану жағдайлары туралы дереу хабар береді.

Ереженің 17-тармағында көрсетілген жазатайым оқиға болған жағдайда жұмыс беруші, сондай-ақ:

1) жазатайым оқиға болған жергілікті жердегі құқық қорғау органдарына;

2) өндірістік және ведомстволық бақылау мен қадағалаудың құзыретті органдарына дереу хабарлауға міндетті.

*ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.04. N 916 қаулысымен*

11. Кәсіби немесе қатты кәсіби ауру (улану) жағдайы орын алса, комиссияның тексеруіне Мемсанэпидқызмет органының немесе Кәсіби патология орталығының өкілдері қатысады.

Қатты кәсіби ауру (улану) жағдайларын жеке тексеруді Мемсанэпидқызмет органының немесе Кәсіби патология орталығының өкілдері жиырма төрт сағаттың ішінде, ал созылмалы кәсіби ауру жағдайларын - хабар алынған сәттен бастап жеті күннің ішінде жүргізеді.

12. Комиссияның жұмысына жұмыс берушімен немесе зардап шегушімен тиісті шарттық қатынасы бар сақтандыру ұйымының өкілі қатысуға құқылы.

13. Өндірістік тапсырмаларды (қызметтік немесе шарттық міндеттерін) орындау үшін басқа ұйымға жіберілген қызметкермен, оның ішінде өндірістік тәжірибеден өтіп жүрген, жалпы білім беру мектептерінде, кәсіптік мектептерде және жоғары оқу орындарында оқып жүрген адамдармен болған жазатайым оқиғаны тексеруді жұмыс берушінің және зардап шегушінің өкілетті өкілдерінің қатысуымен сол оқиға болған аумақтағы ұйымның басшысы құратын комиссия жүргізеді . < \* >

Басқа ұйымның аумағында орналасқан және жұмысты жүргізіп жатқан ұйымның қызметкері ұшыраған жазатайым оқиғаны тексеруді жазатайым оқиға болған аумақтағы ұйымның жауапты өкілінің қатысуымен, оның жұмыс берушісі

ж ү р г і з е д і .

*ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.04. N 916 қаулысымен*

14. Көлік құралдары авариясының салдарынан болған жазатайым оқиғаларды тексеру көлік инспекциясы органдарының тексеру материалдары негізінде ж ү р г і з і л е д і .

Көлік инспекциясының органдары көлік оқиғасы болған күннен бастап бес күн мерзімде жазатайым оқиғаларды тексеру жөніндегі комиссия төрағасының талабы бойынша оған қажетті құжаттардың көшірмесін беруге міндетті.

15. Жұмыс берушіге немесе жұмыстарды ұйымдастырушыға уақытылы хабарланбаған не олардың салдарынан еңбекке жарамсыздық бірден пайда болмаған (ескіру мерзіміне қарамастан) жазатайым оқиғалары зардап шегушінің, оның өкілетті өкілінің арызы бойынша немесе мемлекеттік инспектордың (бұдан әрі - меминспектор) нұсқамасымен арыз тіркелген, нұсқама алынған күннен бастап он күн ішінде тексеріледі.

16. Ереженің 17-тармағында көрсетілгендерден басқа жазатайым оқиғаны тексеруді ұйымның басшысы оқиға болған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде құратын, құрамында:

төраға - ұйымның (өндірістік қызметтің) басшысы немесе оның орынбасары;  
мүшелері - ұйымның еңбекті қорғау қызметінің басшысы, қызметкерлердің уәкілетті органының өкілі немесе зардап шегушінің сенімді өкілі (келісім бойынша) бар комиссия жүргізеді.

17. М ы н а л а р :

- 1) ауыр немесе өлімге апарып соқтырған жазатайым оқиғалар;
- 2) зардап шегушілердің жарақаттарының ауырлығына қарамастан, екі және одан да көп қызметкерлердің бір мезгілде басынан кешкен топтық жазатайым оқиғалар ;
- 3) қантты кәсіби ауырудың топтық жағдайлары (уланулар) арнайы тексеруге ж а т а д ы .

18. Ауырлығы мен зардабына қарай жазатайым оқиғаны арнайы тексеруді еңбек жөніндегі аумақтық уәкілетті мемлекеттік орган құратын, құрамында:  
төраға - мемлекеттік еңбек инспекторы;  
мүшелері - жұмыс беруші, қызметкерлердің уәкілетті органының өкілі немесе зардап шегушінің сенімді өкілі бар комиссия он күн ішінде жүргізеді.

Екі адам қаза тапқан топтық жазатайым оқиғаларды тексеруді облыстың, Астана және Алматы қалаларының бас мемлекеттік еңбек инспекторы басқаратын комиссия жүргізеді.

Қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған жазатайым оқиғалар кезінде комиссия құрамына төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою

жөніндегі мемлекеттік инспектор енгізіледі.

Техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде болған жазатайым оқиғалар кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспектор арнайы тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы болып тағайындалады. Мұндай жағдайда мемлекеттік еңбек инспекторы комиссия мүшесі болып табылады.

*ЕСКЕРТУ. 18-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.04. N 916 қаулысымен.*

19. Үш-бес адам қаза тапқан топтық жазатайым оқиғаларды тексеруді еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган құратын, ал бес адамнан көп қаза тапса - Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын комиссия жүргізеді.

20. Сарапшылық қорытындыны талап ететін мәселелерді шешу үшін арнайы тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы ұйымдардың мамандары, ғалымдар мен бақылау-қадағалау органдары қатарынан шағын сарапшылық комиссиялар құрады.

21. Жарылыс, авария, қирау және ұйымдардың объектілеріндегі басқа да жағдайлар кезінде зардап шегушіні (зардап шегушілерді), хабарсыз кеткен адамды (хабарсыз кеткен адамдарды) одан әрі іздестіру заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, авариялық-құтқару бөлімшесінің басшысы мен маман-сарапшылар қорытындысының негізінде комиссиямен белгіленеді.

22. Арнайы тексеру жөніндегі комиссия төрағасының келісімінсіз ресми тағайындалған арнайы комиссияның жұмыс күндерінде қандай да болмасын біреудің немесе өзге комиссияның куәларға, өз көзімен көрген адамдарға сауал қоюына, сондай-ақ осы жазатайым оқиғаны тексеруді қатарластыра жүргізуіне үзілді-кесілді тыйым салынады.

### **3. Жазатайым оқиғаларды ресімдеу және тіркеу**

23. Қызметкердің (қызметкерлердің) кемінде бір күн еңбекке жарамдылығын жоғалтуына апарып соққан өндіріспен байланысты әр жазатайым оқиға медициналық қорытындыға (кепілдемеге) сәйкес өндірістегі жазатайым оқиға туралы немесе қызметкердің денсаулығының өзге зақымдануы туралы Н-1 (2-қосымша) нысаны бойынша қажетті данадағы (әр зақымданушыға бөлек) актімен ресімделеді.

24. Белгіленген тәртіппен денсаулық сақтау ұйымы растаған кәсіптік сырқаттану және улану жағдайлары да еңбекке жарамдылығын жоғалту болғанына немесе болмағанына қарамастан Н-1 нысаны бойынша ресімделеді.

25. Н-1 нысанындағы актіні еңбекті қорғау қызметі мен ұйым бөлімшесінің басшылары, сондай-ақ ұйым қызметкерлерінің өкілдері толтырып қол қояды, оны жұмыс беруші бекітеді және ұйымның мөрімен куәландырады. Кәсіби ауру (улану) жағдайларында Н-1 нысанындағы актіге Мемсанэпидқызмет органының

немесе Кәсіби патология орталығының өкілдері қол қояды. Егер жұмыс беруші жеке тұлға болса онда Н-1 нысанындағы актіні жұмыс беруші толтырады және қолын қояды және нотариалды куәландырады.

26. Әрбір жазатайым оқиғаны тексеру аяқталғаннан кейін, жұмыс беруші үш күннен кешіктірмей зардап шегушіге немесе оның сенімді өкіліне Ереженің 23 және 24-тармақтарында аталған актіні беруге міндетті. Бұдан басқа, Н-1 нысанындағы актінің бір данасы жұмыс берушіде қалады, ал басқасы еңбек меминспекторына жіберіледі.

Кәсіби ауру және улану жағдайында Н-1 нысанындағы актінің көшірмесі, сондай-ақ Мемсанэпидқызмет органына беріледі.

27. Тексерудің нәтижесімен келіспеген немесе Н-1 нысанындағы акті уақытылы ресімделмеген жағдайда зардап шегуші, ұйым қызметкерлерінің өкілі немесе өзге мүдделі адам жұмыс берушіге жазбаша өтініш беруге құқылы, ол он күн мерзімде өтінішті қарауға және істің мәні бойынша шешім қабылдауға м і н д е т т і .

Қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған жазатайым оқиғалар кезіндегі тексеру барысында жұмыс беруші, қызметкер және мемлекеттік еңбек инспекторы не төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспектор арасында тексеру, рәсімдеу және тіркеу мәселелері бойынша келіспеушіліктерді тиісті инспекцияның бағыныстылығына қарай бас мемлекеттік еңбек инспекторы немесе төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі бас мемлекеттік еңбек инспекторы қарайды не сот т ә р т і б і м е н қ а р а л а д ы .

Қазақстан Республикасы бас мемлекеттік еңбек инспекторының өндіріспен байланысты немесе өндіріспен байланыссыз болған жазатайым оқиғаларды тексеру және олардың жіктемесі мәселелері жөніндегі шешімі қорытынды түрінде ресімделеді. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 27-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.04. N 916 қаулысымен*

28. Ауыр немесе өліммен аяқталған қызметкерлердің топтық жазатайым оқиғалары мен топтық қатты кәсіби ауруларын (уланулар) тексеру арнаулы актімен (3-қосымша) ресімделеді.

29. Жазатайым оқиға туралы Н-1 нысанындағы акт тексеру материалдарына с ә й к е с ресімделеді.

30. Жазатайым оқиғаны тексеру комиссиясының бір мүшесі комиссияның (көпшіліктің) қорытындыларымен келіспеген жағдайда, ол өзінің дәлелді ерекше пікірін тексеру материалдарына енгізу үшін жазбаша түрде беруі тиіс. Ол арнаулы тексеру актісіне "қараңыз, ерекше пікір" деген ескертпемен қолын қ о я д ы .

31. Егер мемлекеттік еңбек инспекторының пікірі комиссия мүшелері көпшілігінің пікірімен келіспесе, онда ол актіге "қорытындыны қара" деген ескертпемен қол қоюға міндетті. Ол өзінің дәлелді қорытындысын (4-қосымша) тексеру материалдарына енгізеді.

Қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған жазатайым оқиғалар кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспектор жазатайым оқиғаға ықпал еткен себептер жөніндегі өзінің келіспеушілігін арнайы тексеру материалдарына қоса берілетін техникалық қорытынды түрінде ресімдейді. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.07.04. N 916 қаулысымен.*

32. Жазатайым оқиғаны арнайы тергеу материалдарында арнайы тексеру актісімен қатар, мыналар:

- 1) Н-1 нысанындағы акті;
- 2) зардап шегушінің еңбекті қорғау жөніндегі оқытудан және нұсқаулық беруден, сондай-ақ алдын ала және мерзімдік медициналық тексерулерден өткені туралы мәліметтер;
- 3) сауалнамалар хаттамалары (5-қосымша) және уақиға куәгерлерінің, сондай-ақ жұмыс берушінің еңбекті қорғау ережелері мен нормалары талаптарын сақтау үшін жауапты лауазымды адамдарының түсіндірмелері;
- 4) уақиға болған орынның жоспарлары, тәсімдері мен фотосуреттері;
- 5) қауіпсіздік талаптарын, өндірістегі салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге жауапты лауазымды адамдардың міндеттері мен жауапкершілігін реттемелейтін нұсқаулықтардан, ережелерден, бұйрықтардан және басқа актілерден үзінді көшірмелер және т.б.;
- 6) зардап шегуші денсаулығының зақымдалу сипаты мен ауырлығы (қайтыс болған себебі) туралы медициналық қорытынды;
- 7) лабораториялық және басқа зерттеулердің, эксперименттердің, сараптамалардың, талдаулардың және т.б. нәтижелері;
- 8) бар болса (бас) еңбек меминспекторының қорытындысы;
- 9) жұмыс берушіге келтірілген материалдық зиян туралы мәліметтер;
- 10) жұмыс берушінің зардап шегушіге (отбасының мүшелеріне) оның денсаулығына келтірілген зиянды өтеу және осы жағдайға жол берген кінәлі лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту туралы бұйрығы;
- 11) қоса берілетін құжаттардың тізбесі болуы тиіс.

33. Жұмыс беруші жазатайым оқиғаны арнайы тексеру актісінің материалдарын мемлекеттік еңбек инспекторына (2-қосымша), сондай-ақ қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған оқиғалар кезінде бір данасын төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспекторға



Мемлекеттік еңбек инспекторы тексеру аяқталғаннан кейін жеті күндік мерзімде арнайы тексеру актісінің материалдарын заңнамаға сәйкес шешім қабылдауға және қабылданған шешім туралы жіберген тарапқа хабарлауға тиісті жергілікті ішкі істер органдарына жібереді.

Топтық жазатайым оқиғаны арнайы тексеру актісінің материалдары бір-бір данадан еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған оқиғалар кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі орталық атқарушы органға жіберіледі. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 33-тармақтың 1,3 абзацтары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.07.04. N 916 қаулысымен .*

34. Жазатайым оқиғаларды тексеру материалдары ұйымдарда қырық бес жыл бойы сақталады, ол таратылған жағдайда жазатайым оқиғаны тексеру материалдары міндетті түрде өзінің қызмет ететін жеріндегі мемлекеттік мұрағатқа өткізілуі тиіс.

35. Жұмыс беруші әрбір жазатайым оқиғаның тексеру нәтижелерін қарайды және қызметкерлерге хабарлайды.

Мұндай оқиғалардың алдын алу жөнінде түпкілікті шаралар әзірлеу мен қабылдау, зардап шегушілерге (олардың отбасы мүшелері мен басқа да мүдделі адамдарға) олардың денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөнінде заңнамада көзделген жеңілдіктер мен өтемақыларды беру мәселелерін объективті шешу мақсатында тиісті бұйрық шығарылады.

36. Арнайы тексеру жөніндегі комиссия ұсынған іс-шаралардың орындалуы туралы жұмыс беруші еңбек меминспекторына, сондай-ақ қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған оқиғалар кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспекторға жазбаша хабарлайды. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 36-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.04. N 916 қаулысымен .*

#### **4. Жазатайым оқиғалардың статистикасы және талдау**

37. Н-1 нысанындағы актімен ресімделген әрбір жазатайым оқиға жазатайым оқиғалар мен өндірістегі өзге де денсаулық жарақаттарын тіркеу журналына жазылады (6-қосымша) және өндірістегі уақытша еңбекке жарамсыздық пен жарақат алу туралы статистикалық есепке енгізіледі, оған жұмыс беруші қолын қояды және белгіленген тәртіппен статистика органдарына ұсынады.

38. Жұмыс беруші Н-1 нысанындағы актіге сәйкес еңбек жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық органына тиісті мерзім ішінде ұйымда болған жазатайым оқиғалардың өсу қарқынының үдемелі қорытындысын белгіленген нысанға сәйкес мәліметтер беруге міндетті.

39. Егер жазатайым оқиға салдарынан болған уақытша еңбекке жарамсыздық

кезеңінде зардап шегуші қайтыс болса, жұмыс беруші ол туралы еңбек меминспекторына хабарлауға және тиісті кезеңдегі статистикалық есепке қажетті өзгерістер енгізуге міндетті.

40. Жұмыс берушілер жыл сайын жазатайым оқиғалардың себептеріне жан-жақты талдаулар жүргізуге, қажетті шаралар қабылдауға және оның нәтижелері туралы қызметкерлерге хабарлауға міндетті.

41. Орталық және жергілікті атқарушы органдар өндірістік жарақаттану себептерін талдайды, жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі жұмыс тәжірибесін зерттейді және қорытындылайды, осы негізде тиісті ұсынымдар әзірлейді және оларды жұмыс берушілерге, қызметкерлер мен олардың өкілдеріне дүркін-дүркін хабар береді.

42. Аймақтар және республика бойынша жазатайым оқиғалар туралы статистикалық мәліметтер жыл сайын жариялануға жатады.

## **5. Қызметкерлердің жұмысқа баратын немесе жұмыстан келетін жолында ұшыраған жазатайым оқиғаларды тексеру және есепке алудың тәртібі**

43. Жұмысқа баратын және жұмыстан келетін жол бойында екі сағат ішінде болған, кемінде бір күн еңбекке жарамдылығынан айрылуға душар еткен жазатайым оқиғалар тексеруге жатады. Бұл ретте қызметкердің еңбекке жарамдылығын жоғалтуы өндіріске байланыссыз болып саналады.

44. Жазатайым оқиғаны тексеруді жұмыс берушінің өкімімен құрылған, құрамында жұмыс берушінің, қызметкерлердің және кәсіподақтың өкілдері бар комиссия жазатайым оқиға фактісі туралы хабар алған сәттен бастап үш тәулік ішінде жүзеге асырады.

45. Тексеру нәтижесі бойынша Н-2 нысанындағы жұмысқа баратын немесе жұмыстан келетін жолда ұшыраған жазатайым оқиғаларды зерттеп тексеру актісі төрт данада (7-қосымша) жасалады, оған тексеру жүргізген комиссия мүшелері қол қояды, жұмыс беруші бекітеді және мөрмен куәландырады.

Н-2 нысанындағы актінің бір данасы еңбекке жарамсыздық парағымен, екіншісі - тексеру материалымен бірге еңбекті қорғау қызметінде сақталады, үшіншісі - зардап шегушінің қолына беріледі, төртіншісі - қызметкерлердің өкілдеріне жіберіледі. Н-2 нысанындағы акт арнайы журналда тіркеледі және бес жыл сақталады.

## **6. Қорытынды ережелер**

46. Қызметкерлердің өндірістегі жазатайым оқиғалар мен денсаулығына өзге де зақым келушіліктердің, (бұдан әрі - жазатайым оқиғалар) ақиқатты, толық, әділ және уақытылы тексерілуі, есепке алынуы мен тіркелуі үшін зардап шегушілермен еңбек қатынасында тұратын (тұрған) жұмыс беруші жауап береді.

47. Жазатайым оқиғалардың дұрыс, уақтылы тексерілуін және есепке

алынуын, сондай-ақ осы жағдайлардың пайда болу себептерін жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды, бұрмалаушылықтар анықталған жағдайларда, анықталған бұрмалаушылықтарды жою туралы меншік нысанына қарамастан, барлық ұйымдар орындауы үшін міндетті нұсқамалар беретін мемлекеттік еңбек инспекторлары, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспекторлар өз құзыреті шеңберінде азаматтардың шағымдарын, өтініштерін, арыздарын тексеру және ұйымдарды зерттеу арқылы жүзеге асырады.

Мемлекеттік еңбек инспекторларының немесе төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әрекеттеріне заңнамада белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін. Шағым жасау берілген нұсқамалардың орындалуын тоқтатпайды. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.07.04. N 916*

қ а у л ы с ы м е н

48. Комиссияның еңбек меминспекторының қатысуынсыз жүргізген тексеру актісі материалдарында осы Ереже талаптарын немесе еңбек заңнамасын бұзушылық анықталған немесе жазатайым оқиғаны жасыру фактісі анықталған жағдайда, еңбек меминспекторы қосымша тексеру тағайындауға немесе тиісінше қорытынды әзірлеуге құқылы.

49. Зардап шегуші, оның сенімді өкілі немесе өзге де мүдделі адам жазатайым оқиғаны тексерудің барлық материалдарымен танысуға және қажетті көшірмелерді жүзеге асыруға құқығы бар. Олардың жазатайым оқиғаны тексеру, ресімдеу немесе тіркеу мәселелері бойынша келіспеген жағдайда, бағыныстылық ретіне қарай еңбек жөніндегі аумақтық уәкілетті мемлекеттік органға немесе сотқа шағым беруге құқылы.

1-қосымша

**Қызметкерлердің еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғасы немесе денсаулығының өзге де зақымдануы жөніндегі  
Хабарлама**

1. Жазатайым оқиға \_\_\_\_\_ болды  
(жылы, айы, күні, уақыты)

2. Ұйымның атауы, оның орналасқан жері және оқиға орны \_\_\_\_\_

3. Зардап шегушінің (лердің) Т.А.Ә. кәсібі лауазымы нәтижесі

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

4. Жазатайым оқиғаның мән-жайын қысқаша баяндау:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

5. Тексеруді ұйымдастыру жөнінде қабылданған шаралар

\_\_\_\_\_

6. Хабарлама жасалған күн \_\_\_\_\_

7. Хабарлаған \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы)

8. Қабылдаған \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы)

2 - қ о с ы м ш а

Н-1 нысаны

Бекітемін:

Жұмыс беруші \_\_\_\_\_  
(қолы) (Т.Ә.А.)

200\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны

**Қызметкерлердiң еңбек қызметiмен байланысты жазатайым оқиғасы немесе денсаулығының өзге де зақымдануы жөнiндегi  
N АКТ**

Кодтар

1. Ұ й ы м н ы ң т о л ы қ а т а у ы  
("Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы Заңының 9-бабының 1-тармағы):  
тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ "

1) ұ й ы м н ы ң м е к е н - ж а й ы :  
облысы, ауданы \_\_\_\_\_  
қаласы, көшесі, үйдің N \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ "

2) меншік нысаны \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ "  
(мемлекеттік, жеке және т.б.)

3) жазатайым оқиға болған жер \_\_\_\_\_

(цехты, учаскені, жолды, сондай-ақ жабдықты немесе машинаны көрсету)

4) жазатайым оқиғаға әкеп соққан оқиғаның түрі \_\_\_\_\_  
" \_\_\_\_\_ "

2. Зардап шегушінің тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

3. Жынысы: еркек, әйел (астын сызу) " \_\_\_\_\_ "

4. Жасы (толық жасының жылдарын көрсету) \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ "

5. Кәсібі, лауазымы \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ "

6. Жұмыс істеп жүргенде жазатайым оқиғаға (кәсіби сырқат) душар болған кездегі осы кәсібіндегі еңбек стажы \_\_\_\_\_  
" \_\_\_\_\_ "

7. Нұсқаулық беру және білім тексеруді өткізу күні:

1) кіріспе \_\_\_\_\_

2) бастапқы (қайталама) \_\_\_\_\_

3) білімін тексеру \_\_\_\_\_

8. Медициналық тексеруден өткен күндері:

1) алдын ала \_\_\_\_\_

2) кезеңдік \_\_\_\_\_

9. Жазатайым оқиғаның (кәсіби сырқаттың, уланудың) болған күні мен уақыты \_\_\_\_\_  
" \_\_\_\_\_ " " \_\_\_\_\_ " " \_\_\_\_\_ "

(жылы, айы, күні, уақыты)

10. Болған оқиғаның түрі \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ "

11. Жұмыстың басталуынан бастап толық сағат саны \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ "

12. Жазатайым оқиғаның (кәсіби сырқаттың, уланудың) мән-жайы \_\_\_\_\_

13. С е б е п т е р і :

1) \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ "

2) \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ "

(арнайы тексеру актісіне сәйкес)

14. Жазатайым оқиғаның куәгерлері \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., лауазымы)

15. Зардап шегушінің жазатайым оқиға кезіндегі хал-жайы

\_\_\_\_\_

(медициналық-сот сараптамасы қорытындысына сәйкес)

16. Жазатайым оқиғаның нәтижесі және диагнозы

\_\_\_\_\_

(айығып кетті, мүгедектік, қайтыс болды)

\_\_\_\_\_

(негізгі және соңғы диагнозды көрсету)

17. Жазатайым оқиғаның себептерін жою жөніндегі іс-шаралары

\_\_\_\_\_

(негізгі 2-3 іс-шараны орындау мерзімдерімен қоса көрсету)

18. Еңбек және еңбекті қорғау туралы заңнамаларды бұзуға жол берген адамдар \_

\_\_\_\_\_

(әр Т.А.Ә. соңынан өздері бұзған заңнамалық, нормативтік құқықтық

\_\_\_\_\_

кесімдердің баптарын, параграфтарын, тармақтарын көрсету)

19. Жұмыс беруші кінәсінің дәрежесі \_\_\_\_\_

20. Қызметкер кінәсінің дәрежесі \_\_\_\_\_

А к т і н і ж а с а ғ а н д а р :

Ұйымның бас техникалық жетекшісі немесе еңбекті қорғау қызметінің маманы \_\_\_\_\_

(қолы, Т.А.Ә., лауазымы)

Кәсіподақтың, еңбек ұжымының немесе зардап шегушінің уәкілетті адамы \_

\_\_\_\_\_

(қолы, Т.А.Ә., лауазымы)

Жұмыстардың жетекшісі \_\_\_\_\_

(қолы, Т.А.Ә., лауазымы)

Мына адамдардың қатысуымен:

Мемсанэпидқызмет өкілі \_\_\_\_\_

(қолы, Т.А.Ә., лауазымы)

Кәсіптік патология орталығының өкілі \_\_\_\_\_

(қолы, Т.А.Ә., лауазымы)

Н-1 нысанындағы актіні толтыруға түсіндірмелер

Акт республикалық және арнайы әзірленген жіктемелерге, жалпы қабылданған (белгіленген) терминдерге сәйкес толтырылатын мәтін және кодтар бөліктерінен тұрады (8-қосымша). Кодтауды жұмыс беруші жүргізеді.

1-тармақ. ШСМТ<sup>1</sup> бойынша кодталады.

1-тармақтың 1) тармақшасы. Аумағы ӘАӨБЖ бойынша кодталады.

1-тармақтың 4) тармақшасы. Жазатайым оқиғаға әкеп соққан оқиғаның түрі қоса беріліп отырған жіктемеге сәйкес толтырылады және кодталады.

3-тармақ. Жынысы кодталады: 1-еркек; 2-әйел.

4-тармақ. Жазатайым оқиғаға душар болған сәтіндегі зардап шегушінің толық жасының саны көрсетіледі және кодталады. Мысалы: 35 жас 3 ай - "35".

5-тармақ. Кәсібі (лауазымы) КҚТРЖС бойынша кодталады.

6-тармақ. Оқиға болған кездегі жұмысындағы еңбек стажының толық саны.

Мысалы: 15 жыл 8 ай - "15".

Егер стажы бір жылдан кем болса, мәтіндік бөлігінде айлардың (күндердің) саны көрсетіледі, ал 00 болып кодталады. Мысалы: 9 ай 2 күн - "00".

9-тармақ. Жылы соңғы екі санмен, ал айы, күні мен уақыты олардың реттік с а н д а р ы м е н к о д т а л а д ы .

Мысалы, 2000 ж., 22 маусым 45 минут 11 сағат - "00" "22" "06" "11".

10-тармақ: Қоса беріліп отырған "Жазатайым оқиғаға жеткізген оқиғаның түрі" жіктемесіне сәйкес кодталады.

11-тармақ. Зардап шегушінің жұмысы (ауысымның) басталуынан жазатайым оқиға болған кезге дейінгі толық сағаттар саны көрсетіледі және кодталады.

13-тармақ. Қоса беріліп отырған жіктемесіне сәйкес жазатайым оқиғаның екі себебіне дейін (жазатайым оқиғаның себептері) - негізгі (бірінші болып кодталады) және жанамасы көрсетіледі және кодталады.

14-тармақ. Жазатайым оқиғаның тікелей куәгерлерінің тегі, аты, әкесінің аты к ө р с е т і л е д і .

15-тармақ. Зардап шегушінің нақты жай-күйі, яғни алкогольді немесе есірткі масаң к ү й д е б о л у ы к ө р с е т і л е д і .

16-тармақ. Денсаулық сақтау ұйымының түпкілікті қорытындысы негізінде т о л т ы р ы л а д ы .

18-тармақ. Іс-әрекеті немесе іс-әрекетсіздігі жазатайым оқиғаға негізгі немесе жанана себеп болған адамдар (13-тармаққа сәйкес), еңбек туралы заңнаманың және еңбекті қорғау жөніндегі ережелердің бұзылуына жол берген адамдар к ө р с е т і л е д і .

19 және 20-тармақтар. Жұмыс беруші мен қызметкер кінәсінің дәрежесін

комиссия

пайызбен

белгілейді.

-----  
1 Қысқартудың ашылуы 8-қосымшада берілген

3-қосымша

**Қызметкер (лермен) 200 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ сағ. болған жазатайым оқиғаны арнайы тексерудің АКТІСІ**

\_\_\_\_\_  
(Ұйымның атауы (ҚР "Еңбек туралы" Заңының 9-бабының 1-тармағы)  
және зардап шегушінің (лердің) Т.А.Ә.)

Төрағасы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., істеп жүрген лауазымы)

және комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., істеп жүрген лауазымы)

\_\_\_\_\_  
құрамында, бұйрықпен \_\_\_\_\_

(Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының  
атауы немесе ҚР Үкіметінің шешімі)

тағайындалған комиссия 200 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ бастап " \_\_ " \_\_\_\_\_  
дейінгі кезеңде осы жазатайым оқиғаны арнайы тексеруді жүргізіп, осы актіні  
жасады.

1. Зардап шегуші (лер) туралы мәліметтер:

\_\_\_\_\_  
Тегі, !Туған !Кәсібі, ! Кәсібі ! Нұсқамалардың !Зардап  
аты, !жылы !лауазымы! бойынша! күндері: !шегушінің  
әкесінің ! ! ! еңбек ! кіріспе, !қамқорлығындағы  
аты ! ! ! стажы ! қайталама, ! отбасы  
! ! ! ! білімін ! мүшелері  
! ! ! ! тексеру ! туралы  
! ! ! ! ! мәліметтер

\_\_\_\_\_  
2. Кәсіпорынның, учаскенің, жұмыс орнының сипаттамасы

Жазатайым оқиға болған өндірістік объектіні, орынды қысқаша сипаттап,  
зардап шегушіге қандай қауіпті және зиянды өндірістік факторлар әсер етуі  
мүмкін екендігін көрсету керек.

Егер жазатайым оқиға объектідегі аварияның салдарынан болса, актіге  
мыналар қосымша енгізіледі:

өндірістік объектілер мен көтерме құрылыстардың сипаттамасы - объектінің  
атауы мен үлгісі, оның негізгі өлшемдері, зауыттағы нөмірі, жасап шығарушы



зауыт, жасалған және орнатылған жылы, соңғы куәландырылған және тексерілген күні, сондай-ақ тағайындалған куәландыру мерзімі; аварияның санаты мен сипаты туралы деректер; өнімнің ысырабы (заттай түрде және теңгемен) туралы, авария келтірген залал туралы деректер (теңгемен).

### 3. Жазатайым оқиғаның мән-жайлары

Жазатайым оқиға алдында болған жағдай, еңбек процесі қалай жүргізіліп жатты, бұл процеске кім басшылық жасағанын, зардап шегушінің (лердің) және жазатайым оқиғаға байланысты басқа да адамдардың іс-әрекетін сипаттау, оқиғаларды ретімен көрсету қажет.

Жарақаттанудың себепкері болған қауіпті (зиянды) өндірістік факторды, машинаны, құралды немесе жабдықты атау.

### 4. Жазатайым оқиғаның себептері

Жазатайым оқиғаның негізгі техникалық және ұйымдастыру себептерін атап көрсету қажет, еңбек туралы заңнаманың, қызметтік нұсқаулықтардың, еңбекті қорғау жөніндегі ережелердің, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нормалардың және нұсқаулықтардың нақты қандай талаптары сақталмағанын көрсету (тиісті баптарға, параграфтарға, тармақтарға сілтеме жасау), сондай-ақ қандай мемлекеттік стандарттардың бұзылғанын, қандай қауіпті және зиянды өндірістік факторлар белгіленген нормалар мен деңгейлерден асып кеткенін көрсету керек.

### 5. Жазатайым оқиғалардың себептерін жою жөніндегі комиссия ұсынған іс-шаралар

Жазатайым оқиғалардың себептерін жою бойынша іс-шаралар жазатайым оқиғалардың себептерін жою жөніндегі шаралар мен осындай оқиға қайталануының алдын алудан тұрады.

Олар қоса беріліп отырған нысан бойынша кесте түрінде берілуі мүмкін:

---

Іс-шаралар	!	Орындалу мерзімі	!	Орындаушы
------------	---	------------------	---	-----------

---

### 6. Жазатайым оқиғаның өндіріспен байланысы туралы және еңбек заңнамасының бұзылуына жол берген адамдар туралы комиссияның қорытындысы

Бұл бөлімде комиссияның қорытындылары тіркеледі:

1) осы жазатайым оқиғаның өндіріспен байланысы туралы және Н-1 нысаны бойынша актіні жасау қажеттілігі туралы;

2) жазатайым оқиға себептерін ескере отырып, зардап шегуші қызметкер мен жұмыс беруші кінәсінің дәрежесі туралы;

3) іс-әрекеттері немесе іс-әрекетсіздігі жазатайым оқиғаға әкеп соққан жауапты адамдар сақтамаған және белгіленген тәртіппен бекітілген заңи және

нормативтік құқықтық кесімдердің баптарын, параграфтарын, тармақтарын көрсете отырып, олардың Т.А.Ә., лауазымы, кәсіптері;

4) комиссия мүшелерінің қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес, олардың әлеуметтік қорғалуға заңды құқықтары түсіндірілген, зардап шегушілермен немесе олардың отбасы мүшелерімен кездескендігі туралы мәліметтер.

Арнайы тексеру актісінің қорытынды бөлігінде қоса беріліп отырған материалдардың тізбесі беріледі.

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(қолы, Т.А.Ә., күні)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_  
(қолы, Т.А.Ә., күні)

4-қосымша

**Мемлекеттік еңбек инспекторының (арнайы тексеру жөніндегі комиссия төрағасының) қорытындысы**

\_\_\_\_\_ (зардап шегушілердің тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (лауазымы немесе кәсібі, кәсіпорынның, жоғары тұрған

\_\_\_\_\_ шаруашылық органның, министрліктің атауы)

"\_\_\_" \_\_\_\_\_ сағ. мин. болған жазатайым оқиға бойынша

\_\_\_\_\_ Комиссия және өзім 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап жүргізілген арнайы тексеру материалдары негізінде ..... тұжырымға келдім.

Бұдан әрі мемлекеттік еңбек инспекторы (арнайы тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы) арнайы тексеруді жүргізген комиссияның қандай қорытындысымен келіспейтіндігіне негіздеме келтіруі қажет. Өзінің қ о р ы т ы н д ы с ы н д а о л :

комиссия сұрау салмаған немесе өздерінің алғашқы айғақтамаларын өзгертуді шешкен жазатайым оқиға куәгерлерінен қосымша алынған түсіндірмелеріне;

зардап шегуші алған зақымдардың сипаты, оның қайтыс болу себептері туралы медициналық қорытындыға;

жазатайым оқиғаға әкеп соққан жағдайдың қалыптасуына әкеп соққан еңбекті қорғау жөніндегі талаптары сақталмаған нормативтік құжаттарға;

басқа да сараптау комиссияларының қорытындысына;

осы жазатайым оқиғаға қатысы бар өзге де құжаттарға сілтеме жасауы тиіс.

Негізделгеннен кейін, мемлекеттік еңбек инспекторы (арнайы тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы) осы жазатайым оқиғаға қатысты қосымша мәліметтер (құжаттар) ескерілмей баяндалды деп санаған, арнайы тексеру

актісінің, сол бөлімін (бөлімдерін) тұжырымдауы тиіс.  
Қорытынды тиісті орындарға жіберіледі.

Мемлекеттік еңбек инспекторының (арнайы тексеру жөніндегі комиссия төрағасының) қорытындысын жасау Н-1 нысаны бойынша актіні қайта жасау жөніндегі жұмыс берушіге қойылатын талапқа қатысты болған жағдайларда, қорытынды осы актінің мазмұнын жазатайым оқиғаны қосымша тексеруде анықталған мәліметтерге сәйкес келтіру туралы талаппен аяқталуы тиіс.

5-қосымша

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_ " сағ. " \_\_ " мин. \_\_\_\_\_

(ұйым объект. атауы) (зардап шегушінің Т.А.Ә. және мамандығы)  
болған жазатайым оқиға куәгерлерін және соған қатысы бар адамдарға сұрау  
с а л у д ы ң

**Хаттамасы**

Тегі \_\_\_\_\_ Аты \_\_\_\_\_ Әкесінің аты \_\_\_\_\_  
Туған жылы \_\_\_\_\_ Білімі \_\_\_\_\_  
Лауазымы \_\_\_\_\_ Еңбек стажы \_\_\_\_\_  
(осы кәсібі бойынша)

Үйінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

Сұрақ: \_\_\_\_\_

Жауап: \_\_\_\_\_

Сұрау 200 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жүргізілді

(Меминспектор немесе  
ұйым мөрінің орны)

Комиссия мүшелерінің немесе  
сұрау салу жүргізген адамның  
(дардың) Т.А.Ә., қолы

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

6-қосымша

**Қызметкерлердің еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғаларын және денсаулығының өзге де зақымдалуын тіркеу**

**Журналы**

№/Ж/О !Зардап !Еңбек !Кәсібі,! Ж/О, ! Ж/О, ! Ж/О, !Қабыл.!Жасал.!  
р!бол.!шегуші.!стажы !лауа. !болған! мән- !салдар.!данған!ған !  
/!ған !нің ! !зымы !жері !жайлары!лары !шара. !күні !  
р!күні!Т.А.Ә. ! ! ! !мен се.! !лар !және !  
! ! ! ! ! ! !бептер.! ! !Н-1 !  
! ! ! ! ! ! !інің ! ! !нөмірі!

! ! ! ! ! !қысқаша! ! ! !  
! ! ! ! ! !сипат. ! ! ! !  
! ! ! ! ! !тамасы ! ! ! !

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10 11

11-Ескерту

7-қосымша

Бекітемін

Жұмыс беруші \_\_\_\_\_

(қолы, Т.А.Ә.)

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Мөр орны

**Жұмысқа бару немесе жұмыстан қайту жолында болған (өндіріспен байланысы жоқ) жазатайым оқиғаны тексерудің**

**N\_\_ АКТІСІ**

1. Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

2. Жұмыс орны (ұйымы) \_\_\_\_\_

3. Лауазымы, (кәсібі) \_\_\_\_\_

4. Оқиға 20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ айының \_\_\_\_\_ күнінің \_\_\_\_\_ сағ. болды.

5. Жазатайым оқиғаның себептері мен мән-жайлары:

(оқиға қай жерде болды, зардап шегуші жарақат алған сәтте алкогольді және есірткі масаң күйде болған-болмағандығын, жазатайым оқиға туралы кім хабар бергенін: полиция органдары, денсаулық сақтау ұйымдары және басқасын көрсету).

6. Қандай денсаулық сақтау ұйымында (мекен-жайы) және қай кезде алғашқы медициналық көмек көрсетілді (күні және тәулік мезгілі) \_\_\_\_\_

7. Зақымданудың сипаты \_\_\_\_\_

8. Жазатайым оқиғаны тексеруді кім және қашан жүргізді \_\_\_\_\_

9. Осындай оқиғаларды болдырмау жөнінде комиссияның ұсынған шаралары \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелерінің қолы, Т.А.Ә.

Күні 200\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

8-қосымша

## **Жіктемелер**

### **Жазатайым оқиғаға әкеп соққан оқиғаның түрі**

1. Жол-көлік оқиғасы, соның ішінде:
  - 1.1 кәсіпорын көлігінде жұмысқа бара жатқан немесе жұмыстан қайтып келе ж а т қ а н ж о л д а
  - 1.2 қоғамдық көлікте
  - 1.3 жеке көлікте
2. Зардап шегушінің биіктен құлауы
3. Заттардың, материалдардың, жердің және т.б. құлауы, қирауы, жапырылуы
4. Қозғалып жүрген, ұшып жүрген, айналып жүрген заттар мен бөлшектердің ә с е р і
5. Электр тоғымен зақымдану
6. Шектен тыс температуралардың әсері
7. Зиянды заттардың әсері
8. Иондаушы сәулелердің әсері
9. Шамадан тыс жүктемеден қалжырау
10. Жүйке-психикалық қажу
11. Жануарлармен және жәндіктермен жанасу нәтижесіндегі зақымдану
  12. С у ғ а б а т у
  13. Қ а с а қ а н а ө л т і р у
14. Дүлей зілзала кезіндегі зақымдану
15. Аталғандардан басқа, салаға тән оқиғалардың түрлері (көрсету)
16. Басқалары

### **Жазатайым оқиғаның себептері**

1. Жұмыс аймағындағы ауаның шамадан тыс тозаңдануы
2. Жұмыс аймағындағы ауаның шамадан тыс газдануы
3. Шудың жоғары деңгейі (өлшемдері)
4. Жалпы және жергілікті тербеліс деңгейінің артуы (өлшемдері)
5. Ультра дыбыстардың инфра дыбыстық тербелу деңгейінің артуы ( ө л ш е м д е р і )
6. Жоғарылаған, төмендеген барометриялық қысым (жұмыс аймағындағы қысымның өлшемдері және оның өзгеруі, ағзаға әсер ету уақыты)
7. Жоғарылаған, төмендеген ылғалдылық, ауаның қозғалысы (өлшемдері)
8. Иондаушы сәулелері деңгейінің артуы (өлшемдері және сәулелендіру т ү р л е р і )
9. Ультракүлгін және инфрақызыл радиация деңгейінің артуы (өлшемдері)
10. Жұқпалы ауру көздерімен қарым-қатынас (аурудың атауы көрсетіледі)
11. Шамадан тыс жүктеменің адам ағзасына әсері (өлшемдері, жұмыс а у ы р т п а л ы ғ ы н ы ң д ә р е ж е с і )

12. Құрылғылық жетіспеушіліктер, машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, санитарлық-техникалық қондырғылардың жетілдірілмеуі, жеткіліксіз сенімділігі

13. Ақаулы машиналарды, тетіктерді, жабдықтарды, санитарлық-техникалық қондырғыларды пайдалану

14. Санитарлық-техникалық қондырғылардың болмауы

15. Технологиялық процестердің жетілдірілмеуі

16. Технологиялық процестердің бұзылуы

17. Көлік құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарының бұзылуы

18. Жол қозғалысы ережелерінің бұзылуы

19. Жұмыс жүргізудің қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы

20. Жұмыс орындарын қанағаттанғысыз күйде ұстау мен ұйымдастырудағы кемшіліктер

21. Ғимараттардың, құрылыстардың, аумақтардың қанағаттанғысыз техникалық жай-күйі

22. Еңбектің қауіпсіз тәсілдеріне оқытудағы кемшіліктер

23. Жеке қорғану құралдарын қолданбау, оның ішінде:

23.1 жеке қорғану құралдарының жетілдірілмеуінен

23.2 жеке қорғану құралдарының бұзылуынан

23.3 олармен қамтамасыз етілмегендіктен

24. Ұжымдық қорғану құралдарын қолданбау, оның ішінде:

24.1 механикалық факторлардың әсеріне қарсы

24.2 электр тоғынан зақымданудан

24.3 химиялық және биологиялық факторлардың әсерінен

24.4 шектен тыс температуралардан

24.5 сәулелердің деңгейі артуынан (иондаушы, инфрақызыл, лазерлік және т. б. )

25. Еңбек және өндіріс тәртіптерін бұзу

26. Белгіленген еңбек режимін бұзу

27. Жұмыс істеушіні мамандығынан тыс пайдалану

28. Авариялар

29. Зардап шегушінің өрескел абайсыздығы

30. Басқалары

### **Жазатайым оқиғаның нәтижесі**

01 Зардап шегуші жеңіл жұмысқа ауыстырылды

02 Сауықты

03 I топтағы мүгедектік белгіленді

04 II топтағы мүгедектік белгіленді

05 III топтағы мүгедектік белгіленді

06 Қайтыс болды

**Осы Ережеде қолданылатын кейбір сөз тіркестерін, терминдерді және белгілерді ашып жазу**

1. Денсаулықтың өзге зақымдануы - кәсіби сырқаттардың және уланудың, өлтірудің, ыстық өтудің, күюдің, үсудің, найзағай түсуінің, жануарлар мен жәндіктермен жанасу нәтижесінде зақымданудың барлық түрлері және басқа да зақымданулар.

2. Кәсіби аурулар мен улану - қауіпті және зиянды өндіріс факторлары мен заттардың әсер етуі нәтижесінде туындаған қатты және созылмалы кәсіби аурулар мен уланулар.

3. ӨРЖЖЖТ - өндіріс және ауыл шаруашылығы өнімдері республикалық жіктемесінің жоғары жіктемелік топтамалары.

4. МЕСТ - Мемлекеттік стандарт.

5. ШСМТ - Шаруашылық субъектілердің мемлекеттік тізбесі.

6. КҚТРЖЖ - жұмысшылар кәсіптерінің, қызметшілер лауазымдарының және тарифтік разрядтардың жалпы жіктемесі.

7. ШРК - шектеулі рұқсат етілетін концентрациялар.

8. ШРД - шектеулі рұқсат етілетін деңгей.

9. ӨРЖ - Өндіріс және ауыл шаруашылығы өнімдерінің республикалық жіктемесі.

10. ӘАОБЖ - әкімшілік-аумақтық органдарды белгілеу жүйесі.

11. МБОБЖ - мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын белгілеу жүйесі.

12. ЕҚСЖ - еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 3 наурыздағы

N 326 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күшін жойған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Еңбекшілердің өндірісте денсаулығы зақымдануын және басқа жазатайым жағдайларды есепке алу мен зерттеп тексеру жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 желтоқсандағы N 1414 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 47, 527-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 12 қазандағы N 1320 қаулысының соңғы абзацы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 32, 406-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 желтоқсандағы N 1414 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 қаңтардағы N 86 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 6, 28-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 желтоқсандағы N 1414 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 тамыздағы N 964 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 33, 303-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК